

өзін қолға алып жасасаң іске асады дегенді білдіреді. Ал тұра аудармасы жасасаң болады. Бұл сөз тіркесі сөйлемнің қолданылуына, сөйлемнің мағынасына байланысты әртүрлі мағына береді. Мысалы, жасап көрсөн болады, байқап көрсөн болады. Бірақ жапон тіліндегі сөз тіркесінен мағынасы өзгешелеу. Нантока нару - бір нәрсесі болар деп қазақ тілінде де қолданылады.

Чири мо цумореба яма то нару деген сөз тіркесіне ұқсас қазақ тілінде көп түкірсе көл болады деген мақал бар. Қос тілде де бұл мақалдың мағынасы да, қолданылуы да ұқсас болып келеді. Бұл мақалдың тұра аудармасы аз, кішкене заттар жиналып тау болады дегенді білдіреді. Жапон және қазақ тілдеріндегі «булу» етістігін талдау, салыстыру барысында қос тілде де бұл етістіктің қолданылуында, мағынасында ұқастықтары мен ерекшеліктері бар екенін айқындадық.

Қос тілде де кең қолданылатын, сонымен қатар екі тілге де ортақтығы «булу» етістігінің бір құйден екінші құйге ауысады, өзгеруді білдіретіні. Сонымен қатар жапон тілінде болу етістігі қолданғанымен, қазақ тілінде қолданбай, керісінше қазақ тілінде қолданып, жапон тілінде мұлдем басқа мағынада қолданылатын тұстары да аз емес.

Жапон және қазақ тілдерінің грамматикасында ұқсас тұстар аз кездеспейді. Керісінше

көп жағдайда грамматикалық түрғыдан ұқсас болып келеді. Әрине жапонтану ғылымы - Қазақстанда әлі де болса кенже дамыған ғылымдардың бірі, әсіресе жапон тілі. Әрине, бұл - уақыт еншісінде, дегенмен жапон тілін оку, оқыту барысында Жапониядан алшак орналасқан қазақстандық жапон тілін оқытындар да, оқытушылар да көптеген қызындықтарға кездеседі. Жапондық оқытушылар жоқтың қасы. Қазақстан сияқты мемелекеттегі жапон тілін оқушылар үшін оқытын тіл грамматикасын түсіну барысында ана тілдеріндегі грамматикалық құрылымдардың ұқастықтарымен ерекшеліктерін салыстыра отырып түсіну өте маңызды.

1. Ikegami I. [suru] to [naru] no gengogaku, 1981, 12-14 б.
2. Исаев С.М. Қазақ тілі, 1993, 536-538б.
3. Nihongo hyougen katuoujiten, 1998, 59 б.
4. Исаев С.М. Қазақ тілі, 1993, 540 .
5. Nihongo bunpou hando bukku, 2002, 72б.
6. Ikegami I. [suru] to [naru] no gengogaku, 1981, 20 б.
7. Ikegami I. [suru] to [naru] no gengogaku, 1981, 20 б.

В этой статье рассматривается глагол «стать», в том числе, его применение и особенности. А также выявлены общие и отличительные черты этого глагола в японском и казахском языках.

This article focuses on the verb «to become», including its use and features. And also identified common and distinctive features of this verb in Japanese and Kazakh languages.

Ы.М. Палтөре

АБАЙДЫҢ ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ ҚАРА СӨЗІНДЕГІ ҚҰРАН МӘТІНДЕРІНІҢ БЕРЛУИ МЕН МАҒЫНАСЫ

«Құран» - араб сөзі, ол араб тіліндегі «қара ә» (оқыды) етістігінің түбірінен жасалған. Басқаша айтқанда, «Құран» сөзі араб тіліндегі ырықсыз етіс мағынасында тұрып, «көп оқылған», «өте көп тилауат етілген» деген мағынаны білдіреді. Әрине, бұл - «Құран» сөзінің тілдік мағынасы. Егер «Құран» сөзінің бізге таныс діни терминдік мағынасына тоқталар болсақ, қасиетті әл-Азһар университетінің шейхы М. Тантауи: «Қасиетті Құран – адамзат баласын күпірлік қарандылығынан нұрға шығарып, надандықтан құтқару үшін Аллаһ тағала өзінің соңғы пайғамбары Мұхаммедтің (с.ғ.с) жүргегіне түсірілген Алланың кітабы», - деп түсіндіреді /1, предисловие/. Ал Құранның қазақ тіліндегі аудармасын жасаған Х. Алтай: «Құран Қерім – Аллаһ тағаланың сөзі. Хазірет Мұхаммедке (с.ғ.с.) Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы бүкіл адам баласына тұра жол көрсету үшін

араб тілінде белім-белім жиырма үш жылда түскен», - дейді /2, 3/.

Дәл осы мағынадағы түсінікtemenі қуаттай келе, ағылшын шығыстанушысы Ахмад Сакр: «Коран – Священная Книга мусульман. Аллах открыл Коран Пророку Мухаммаду за 23 года, Откровения, главным образом, были ниспосланы в Мекке и Медине, расположенных на Аравийском полуострове. Пророк запоминал их, жил, обучая им, передавая их близким людям и всему миру. Коран предназначен для всех людей мира, в том числе и для христиан, иудеев, неверующих, агностиков, буддистов и представителей всех других конфессий. Коран для всех поколений до Дня Суда. Поэтому Коран обобщенная, очищенная и конечная форма всех предыдущих посланий, откровений и священных писаний», - деп қосады /3, 12/.

Міне, осылайша, біз «Құран» сөзінің тілдік

және терминдік мағынасына қысқаша шолу жасадық. Қазақ тіл біліміне «Құран» сөзінің енуі ислам дінінің қазақ даласына өркен жаюымен тығыз байланысты. Яғни, қазақ тіліндегі «Құран» сөзінің тілдік мағынасына қараганда діни терминдік мағынасы басым. Бірақ араб халқының санасында Құран – тілді, дінді, мәдениет пен әдебиетті, тарих пен салтананы, әдет-ғұрыпты қамтып жатқан асыл мұра.

Қазақ халқының кеменгер ақыны А. Құнанбайұлының шығармашылығында араб тілінен енген сөздерді көптең орын алған. Олардың біразы бұрыннан жұмысалып келе жатса, енді бірі ақынның тілінде діни мәтіндерді түсіндіруде қолданыс тапқан. Негізі хакім Абайдың алғаш дүниетанымының қалыптасуына ислам дінінің орасан зор ықпалы болған. Ал исламның қайнар бұлағы қасиетті Құран екендігі, оның классикалық араб тілінде жазылғандығы да бүкіл адамзатқа айдай анық.

Абайтанушы белгілі ғалым, профессор М. Мырзахметов: «...қазақ халқының рухани дүниесінде XIX ғасырда ислам діні кең өріс алған кезеңде болашақ ұлы ақын ауылында мектеп-медреседе оқып, алғашқы дүниетанымының қалыптасу кезеңімен тұс келді. Әкесі Құнанбайдың Меккеге барып, елде мешіт салдырып, дін жолына түскені де көз алдынан етіп жатты», деп жазады /4, 174/.

Расында, данышпан Абай өмір сүрген сол кезеңдерде араб тілінің қоғамдағы қадірі ислам дінімен тығыз байланысты екені даусыз. Себебі төрт киелі кітап қатарына жататын, бүкіл мұсылман үмбетінің қасиетті кітабы саналатын Құранның осы араб тілінде тұсуі, ислам дінін насиҳаттаушы Мұхаммед пайғамбардың да осы тілде сөйлеуі араб тілінің беделін араб жарты аралындаған емес, бүкіл мұсылман баласының аяқ басқан жерінде қадір-қасиетін арттыра тусты. Құран аяттары түскен тіл – мінсіз, таза әдеби араб тілі. Осы Құран аяттары тұсу арқылы ол тек қана арабтарғаған тән тіл қасиетінен айырылып, бүкіл мұсылмандар тіліне айналды. Кезінде арабтар парсылармен, римдіктермен, түркі халықтарымен араласып, олардың көпшілігі дінді қабылдау себепті әдеби араб тілінің тіл шүрайлығы бұзылып, қауіп төнгенде Құран тіліне жанашырылған танытып, араб тілі грамматикасының қағида-ережелерін жүйелеп, жинап шықкан мұсылмандықты қабылдаған араб емес халықтардың перзенттері еді. Бұлардың қатарында қазақ даласында дүние есігін ашып, бүкіл әлемге танымал болған алып тұлғаларымыз да бар...

Осыншалықты танымалдылықты сол кездегі білім-ғылымның кілтіне айналған Құран тілін –

араб тілімен байланыстыру артықтық етпейді. Себебі, Құранның алғаш түскен аяттары мұсылмандар арасында ғылым-білімнің қадірін көтеріп, қаламның ұлылығын дәріптеді.

Білім жайындағы Құран аяттары надандықты, саутасыздықты жоюға шакырады. Жеке тұлға оқып, үйренумен қалыптасады. Тіпті, діни құлшылықтарды саутты, дұрыс орындауда да білімнің қажеттілігі сезіліп тұрады. Хакім Абай: «...қашан бір бала ғылым, білімді маҳаббат-пенен көксерлік болса, сондаға оның аты адам болады...», - деп адамдықты ғылым-біліммен байланыстыра қарағаны - ислам мәдениетімен үштасып жатқандығының бір дәлелі.

Жалпы араб емес халықтарды араб тілін үйренуге құлшындырыған негізгі фактор – ислам діні. Әйткені бұл Жаратқанды, қоршаған әлемді, адамның өзін-өзі тануына, әрі дінді жетік түсінуге жол ашты.

Ислам өзіне сенушілерге жер бетінде енбек етіп, оның байлықтарын пайдалануды бүйірады. Құранда: «Сендерге қоктердегі нәрселерді де, жердегі нәрселерді де толық бағындырыды, бұл нәрселерде ойланатын адамдар үшін, әлбette белгілер бар», - дедінеді (Жасия сүресі, 13-аят.). Осы сынды аяттар мұсылмандарды әлеуметтік құндылықтарға көніл болуғе, өз араларындағы азаматтарға білім үйретуіне, ағартушылық қызметпен айналысұына жағдай жасады. Осының нәтижесінде білім айбынға, прогресске, әлеуметтік және өркениеттік өрлеуге жеткізетін бірден-бір құралға айналған-ды. Аз уақыт ішінде ислам мәдениеті қалыптасып, ол тек қағаз бетінде емес, шын мәнінде қолданыска ие бола бастады. Әрбір саутты мұсылман ислам мәдениетін таратуға, білімнің сәуле шашуына, әлеуметтік деңгейдің көтерілуіне өз үлесін қосуға талпынды.

Осылайша, Құран ислам мәдениетінің қалыптасуында басты фактор бола алды. Шынтуайтқа келсек, қазақ мәдениеті ішінәра ислам мәдениетімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, біте қайнасып жатқанын анғаруға болады.

Кезінде хакім Абай өз шығармаларында он бір ұлттың тілдік қорын пайдаланып, оның ішінде ең көп араб тілін (сөз берін сөз тіркестерін) қолданған екен.

Солардың бірсыптырасы отыз сегізінші қара сөзінде кездеседі. Осы қара сөзінде Абай Құнанбайұлы «...Біз ортамызда бұл мархамат, ғадаләтті иманың шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін мұслим болғанда, Алла тағалаға тәслім болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай мен күннен артық мағұлым түрған жоқ па? Фиғылы

құданың ешбірін де карап қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұттаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір карап тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса, шала мұсылман. Алла табарака уа тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфаккарұ фиғла илләни» деген хадис шарифтің «инналаһу йухиббул мұқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көнілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жок. «Әтәмурун әннәсә билбирри, уә әхсәну инналаһу йухиббул мұхсин», «үәлләзинә әмәну үәғәмилу салихати үлайна асхабул жәннәти һәм фина халидун» деген аяттар Құранның іші толған ғамалус-салих не еkenін білмейміз. «Уа әммәлзина әмәну үәғамилус саликати фәйүәффиһим үжурәһүм уаллаһу лә йұхид-бұз-залимин» аятына қарасаң, ғамалус-салих залымдықтың зидды болар...» - деп кейбір Құран аяттарының арабша түпнұсқа мәтінін айғақ ретінде келтіре отырып әділдік, ізгі амалдар, (амалус-салих) туралы сөз қозгайды. Қиянатшылдық ету мұсылманға тән еместігін баса айтып, көп адамдар Жаратқан Иенің пенделеріне салған жолын қайсы екендігін білмейді деп іштей қынжылады. Пайымдаң қарасақ, сол кездегі кейбіреулердің салих, (ізгі, жақсы) амал деп істеп жүрген іс-әрекеттері шынында қиянатшылдық екендігін нағыз салих амалдарың қандай болатындығын Құран аяттарының түпнұсқа мәтінін келтіре отырып баяндайды. Бірақ оларда Құран сүрелерінің нешінші аяттары еkenі көрсетілмеген. Сондықтан қара сөздегі Құран текстерін араб тіліндегі түпнұсқадан үніле отырып іздеңдеген, олардың Құрандағы «Маида», «Бақара» және «Әли Фимран» сүрелерінің аяттары еkenін аңғаруға болады.

Ақынның отыз сегізінші қараша сөзінде мысал ретінде келтірілген Құран текстінің саны бесеу. Енді осы сүрелердің әрі олардан үзінді ретінде келтірілген аяттарға жеке-жеке тоқталайық.

Хакім Абай, ең алдымен, Құрандағы: «**Олар – өтірікке құлақ салушылар, арам** (тамақ) **жеушилдер.** Ендеше, (олар) **саған** келсе, **араларына үкім бер немесе олардан жұз** (бет) **бұр.** Егер олардан жұз бұрсаң да олар **саған** ешбір зиян тигізе алмайды. Ал егер сен **олардың араларына үкім шығарсан,** әділ (тура) **үкім шығар.** Шын мәнінде, Алла – әділетті **болғандарды** (турашылдарды) **жақсы көреді!** деген «Маида» сүресінің 42- аятының соңғы «**Инналаһа юхиббул-мұқситин**», яғни «Шын мәнінде, Алла – әділетті **болғандарды жақсы көреді!**» - деген бөлігін ғана келтіреді.

Негізінен, «Маида» сүресі Құрандағы

Мединеде түсірілген, бір жұз жиырма аяттан құралған сүре. Реттік саны бес. Бұл сүреде ислам шариғатының үкімдері баян етілуімен бірге иман (сенім-наным) мәселесі жайында, сондай-ақ әhlі кітап (кітап иелері, яғни яңудилер мен христиандар) туралы да сөз қозғалады.

Сүреде адамдар арасындағы шарт (келісім, бітім) мәселелері; еті адап саналған жануарларды бауыздау мәселелері; аң аулау жайындағы үкімдер; қажылық және ғұмра сияқты құлышылдықтарды орындау кезінде киілуі шарт болып бекітілген ихрам (киімінің) тәртібі; Кітап иелері сеніміндегі әйелдерге үйлену рұқсаты немесе мүмкіндігі жайлы үкімдер; дәрет қағидалары; ұрлық, зорлық және бұзакылық қылмыстарының жазалары; ішімдік және құмар жайындағы соңғы кесімді үкім және тағы да басқа көптеген шарифи үкім заңдары туралы мағлұмат беріледі.

Бұдан басқа бұл сүреде адамзат баласына үгіт-насихат әрі үлгі-өнеге боларлық қиссалар келтіріледі. Солардың бірі – Бани Ысраилдың (Ысраил ұрпақтарының) өз пайғамбарлары Мұсамен (ғ.с.) арадағы келіспеушіліктері, яңудилердің имансыздықтары, қорқактықтары кесірінен пайғамбардың сөзіне құлақ аспай қырық жылдай уақыт шөл-далада (сахарада) әуре-сарсаң болып жүргендері жайында сөз болады. Сондай-ақ осы сүреде Адаматаның екі ұлы Абыл мен Қабылдың арасында өрбіген келіспеушілікті баяндайтын қисса берілген. Онда Абыл өз туысы Қабылды жазықсыз өлтіргені, осы арқылы әу бастан бері жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік арасындағы құрес жалғасын тауып келе жатқандығы бейнеленеді. Абыл өз бауыры Қабылды кінәсіз өлтіру арқылы жұмыр жер бетінде ең алғаш жазықсыз қан төгүші ретінде сынға алынады.

Тағы бір көңіл аудартатын жайттың бірі осы сүренің атауымен байланысты. Кезінде Иса пайғамбар қауымының өтініш-талабы бойынша пайғамбарлығының бір дәлелі ретінде Алла тағала тарапынан «Майданы» (тағам мәзірлері дайын дастарқан) түсіреді. Мұндай таңғажайып оқиға барысы «Маида» сүресі деп атальып кетуіне себеп тұғызған.

Ақын бұл сүреден хабардар болып қана қоймай, осы сүренің 42-аятының соңғы бөлігін кара сөзіне мысал ретінде ұсынганы - ойланатын мәселе. Мұнымен ғана шектелмей хакім Абай Құрандағы «Бақара» атты сүренің әртүрлі үш аятын бірінен соң бірін дәйек ретінде береді. Олардың біріншісі: «**Алла жолында мал сарп етіндер!** (Саран, қорқак болып) өздерінді өз қолдарынмен қауіп-

қатерге салмандар. Игі (жақсы) іс істендер. Шын мәнінде, Аллаһ иғлік (жақсылық) жасаушыларды жақсы көреді», – деген «Бақара» сүресінің 195-аятының ең соңғы «*Уа ахсину, инналлаһа юхиббул-мухсинин*», яғни «*Игі (жақсы) іс істендер. Шын мәнінде, Аллаһ иғлік (жақсылық) жасаушыларды жақсы көреді*», – деген тіркесін келтіреді.

Сосын екінші: «*Адамдарға жақсы іс жаса деп бұйырасындар да өздерінді ұмытасындар ма?!* Сендер кітапты оқисындар. Сонда да ойланбайсындар ма?!

», - деген 44-ші аятының алғашқы «*Әтә мурун-нәәсә бил-бирри*», яғни «*Адамдарға жақсы іс жаса деп бұйырасындар...*» - деген бөлігі ғана алынады.

Тағы үшінші кезекте осы сүренің: «*Ал және сондай иман келтіріп, игі амал істегендер жұмақтық болып, олар онда мәнгі қалады*», - деген 82-аяты толықтай қамтылады. Бұл да ақынның діни білімінің қаншалықты тереңдігін, жан-жақтылығын анғартса керек. Себебі Құрандағы ең ұзын сүренің әр жерінен аяттарын таңдал мысал ретінде келтіру кез келген адамның ойы жете бермейтін нәрсе екендігі дау туғызбайды. Керісінше, бұл хакім Абай Құранды шамасы жатқа білген-ау деген ойға жетелейді. Эрине, бұл зерттеуді, дәлел, айғақты қажет етеді. Дей тұрганмен «*Абай он жасынан молдан дәріс алса, он үш жасында Семейдегі Ахмет-Ризаның медресесінен білім алды*» /5, 7/. Осы тұрғыдан Құран аяттарымен жан-жақты таныс болғандығын пайымдау қынға соқпайды.

Отыз сегізінші кара сөзде үш аяты мысалға дәлел ретінде келтірілген «Бақара» сүресі - Құранда реттік саны бойынша «Фатиха» сүресінен кейінгі екінші тұрған сүре. Бұл сүре Медине қаласында тұскендіктен тұскен жеріне қарай мединелік сүрелер санатына жатады. Барлығы екі жұз сексен алты аяттан күралып, Құрандағы ең ұзын сүре саналады. Бұл сүренің атавы «Бақара», (сиыр) болуы осы сүреде келтірілген сиыр жайындағы қиссамен (оқигамен) байланысты.

Осы сүреде сиыр жайындағы мәселе көтөріле отырып, адамның сенім-нанымы, тағат-құлшылығы, неке, талақ, идда (әйелге қүйеуі талақ еткенде, кесімді түрде ажырасуға шешім қабылдағанда әйелдің ерімен ажырасқан халде тұрмысқа шықпай тұратын мерзім) адамдық мінез-құлышық сияқты қоғамдағы аса маңызды шаригат үкімдер жайында сөз қозғалады. Осы сүренің бастапқы аяттарында бір Аллаға иман келтірген жандардың сипаттары айшықталып, сосын тілімен ғана иман келтірдік деп ішкі жан дүниесі күпірлікке, имансыздыққа батқан екі жүзділер (мұнафықтар) жайында айтылып,

олардың істері сынға алынады. Сондай-ақ осы сүреде бүкіл адамзаттың атасы – Адаматаның және оның зиябы Хауананың жаратылуы әрі ол екеуінің жұмақтағы жағдайы мен жер бетіне түсуге себеп болған жайттары баяндалады.

Осы сүренің шамамен үштен бір болігінде «*Кітап иелерінің*» (Таурат пен Інжілге иман келтіргендердің) іс-әрекеттері суреттеледі. Ал енді бір болігінде өсімқорлыққа тоқталып, Аллаһ пен Оның елшісінің оған қарсы соғыс ашқаны жария етіледі. Сүренің корытынды болігінде мұсылмандарды бір Аллаға жалбарынуға, шақырып, әрқашан ізгі амалдар жасауға үндейді. Корыта айтқанда, бұл сүреде бүкіл адамзат баласының бастауы мен Жаратушсының бір екендігі паш етіліп, баршаны ынтымақ-бірлікке, татулыққа, түсіністік пен сыйластыққа шақырады.

Кара сөзде келтірілген соңғы аят Құрандағы: «*Уа әммәл-ләзина әәмәну уә амилус-салихати фә юәффиним ужураңум уаллаңу лә юхиббуз-залимин*», яғни «... және сондай иман келтіріп, игі (жақсы) амал істегендер, сондай олардың сыйлықтары (сауаптарын) толық береді. Аллаһ залымдарды жақсы көрмейді», - делінген мағынадағы «*Әли Фимран*» сүресінің 57-аяты. «*Әли Фимран*» сүресі медиелік сүрелер қатарына жатады. Аяттарының саны екі жұз, ал реттік саны - үш.

Бұл сүреде Медине қаласындағы мұсылман қауымының басынан өткерген һижреттің (Мекке қаласынан Медина қаласына жасалған көштің) екінші жылында болған Бәдір соғысы, сондай-ақ һижреттің үшінші жылында орын алған Ухуд соғысы кезінде, әрі бұдан кейінгі дәуірлерде бастан кешкен жағдайлар мысалға келтіріліп, олар мұсылмандарға өміршен ғибрат-өнеге ретінде беріледі. Осы болған оқиғалар жайында пікір айтылып, шарифи үкім, зандар баян етіледі.

Негізінен, бұл сүреде діннің негізін құрайтын басты екі қажеттілік түсіндірледі: біріншісі - акіда (дұрыс сенім), Алланың біреу-ақ екендігіне байланысты бұлтартпас дәлелдер болса, ал екіншісі – ислам шариғаты зандары, әсіресе Аллаһ жолындағы құреске (соғыска) байланысты мәселелер (бұйрықтар) түсіндірледі.

Егер бұл сүредегі оқиғалар желісін «Бақара» сүресінде көтөрілген мәселелермен салыстырып карасақ, «Бақара» сүресінде, негізінен, (бұрын түсірілген) Кітап иелерінің, оның ішінде яңуди қауымы әрі олардың іс-әрекеттері мен қылмыстары қарастырылса, «*Әли-Фимран*» сүресінде Кітап иелерінің, оның ішінде христиандар жайындағы жайттар сөз болады. Осы христиандар қауымының Иса пайғамбарды

«Күдай» деп тануларының өрескел кешірілмейтін қате екендіктегі айқын дәлелдермен жан-жақты баяндалады.

Бұл сүренің атасы Мәриям (Иса пайғамбардың анасы) ананың атасы Ғимранның әрі оның отбасы жөнінде киссамен байланысты. Сондықтан бұл сүре «Әли-Ғимран», яғни «Ғимранның отбасы» деп аталады.

Міне, осылайша кеменгер хакімнің отыз сегізінші қара сезінде келген Құран мәтіндеріне үніле отырып, олардың қай сүренің нешиңінші аяттары екендігін нақты көрсетуге тырыстық. Сондай-ақ аяттары дәлел ретінде ұсынылған сүрелердің атасы әрі оларда көтерілген басты тақырыптар мен киссалар туралы да қысқаша мағлұматтар бердік.

Мақаланы түйіндей келе, отыз сегізінші қара сезде келген Құран мәтіндерін арабша түпнұсқа қалпында жеткізуі, оны орынды пайдалануы ақын Абайдың хакімдігі, даналығы мен діни сауаттылығы қаншалықты жоғары екендігінің бірден-бір айғагы болар деп білеміз. Бұдан басқа көптеген қара сездері мен өлең жолдарында айтылған ойдың Құран аяттарының мән-мағынасымен ұштасып жатқандығын байқағанда хакім Абайға тағы да бір бас іп, құрмет көрсетіп, оның ұлылығын мойындамасқа

шара жоқ.

1. Аль-Мунтахаб (Священный Коран). – Бишкек. Третье издание – 2002. – 916 с.
2. Х. Алтай. Құран Қәрім қазақша мағына және түсінігі. Алматы, 2000. – 476 бет.
3. Ahmad H. Sakr, Ph. D. Themes of the Quran (Темы Корана). Пер. С англ. – СПб: «Издательство «ДИЛЯ», 2007. – 384 с.
4. Мырзахметов М. Құтапшылар және айтаману проблемалары. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1982. – 296 б.
5. Абай. Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ: Өлеңдер. Поэмалар. Аудармалар. Кара сездер. – Алматы: «Білім» баспасы, 2010. – 304 бет.

В данной статье рассматриваются Коранические тексты, которые приводятся в 38 слове назидания мыслителя Абай и сравниваются с текстом Корана на арабском языке. И определяется именно с какой суры они взяты. А также в статье рассматривается вопросы об отрывках сур, которые использовал Абай, их названий и главных тем.

In this article texts from Quran in great Abay's 38th word are compared with original and are defined to which sura and ayat they belong to. Also this article tells about suras, their names and main arisen themes from passages which gave Abay.

Г. Панахова

ЛИТЕРАТУРНАЯ СРЕДА ПЕРИОДА ГАРАХАНИДОВ (927-1212) (на основе произведения XI века Юсифа Баласугунлу: «Кутагду Билик»)

Все виды мировой культуры воплотились в жизнь путем взаимного обогащения цивилизаций различных народов. Зависимость тюркской культуры от культуры древнего шумерского (аккадского), индийского, китайского, арабского, персидского, византийского, славянского, англосаксонского, германского народов, придало богатство, полноту культуре тюркских народов.

Сегодня, говоря о тюркской культуре, в широком смысле слова, нельзя осознавать его историческое подтверждение без исламской культуры. Несомненно, не правильно также смешивать взаимоотношения исламской и тюркской культур с культурой других народов мира. Потому как исламская культура представляет собой новый, современный этап мировой культуры. Благословенный «Коран» был ниспослан последнему пророку мира, и именно с этого ниспославия начинается новое мышление,

новое восприятие, новое искусство и новая культура.

Так как вера в могущество тюркских народов нашло свое законное отображение в исламе, то тюркская и исламская культура после VII-VIII века вошло в историю именно как тюрко-исламская культура. Среди сотен, тысяч примеров, отражающих этот большой духовный процесс, поэма Юсифа Баласугунлу «Кутагду Билик» находится в первых рядах.

Күт (Qut) - означает на тюркском «счастье, благо, удачная судьба». «Кутагду Билик» - «наука, знание, дающее счастье, благо». Автором этого незаменимого памятника является выдающийся представитель тюрко-исламской литературы Юсиф Хас Хаджиб.

В книге поэтическим языком повествуется о том, в чем состоят нравственность, мировоззрение, степень ответственности, привилегии, основные обязанности перед Аллахом и